

“Bal - Аіуm2” бөбекжай-бақшасы

№ 2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Өткізілген уақыты: 25 қараша 2025 жыл

Түрі: дәстүрлі

Тақырыбы: «МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану»



2025-2026 оқу жылы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №2

Өткізілген уақыты: 25 қараша 2025 жыл

Түрі: дәстүрлі

Тақырыбы: «МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану»

Мақсаты: МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану арқылы тәрбие-білім беру жұмысының сапасын арттыру».

Барлық педагогтар саны: 8

Қатысқан педагогтар саны: 7

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КҮН ТӘРТІБІ:

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау.
2. «Ең үздік жобалау қызметі» байқауының қорытындысын талқылау.
3. Тақырыптық бақылау нәтижелері:
 - тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігін бағалау;
 - заттық-дамытушылық ортаны бағалау;
 - баланың дамуындағы инновациялық технологияларды енгізудің тиімділігі.
4. «Педагогикалық жәрмеңке: біліктілік санатын көтеруге үміткер педагогтердің кәсіби тәжірибесінің тұсаукесері»
5. Жол-көлік оқиғасында жарақаттанудың профилактикалық жұмыс жоспарын қарау және қабылдау.
6. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы.

КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА: «Бейнелеу қызметінің дәстүрден тыс әдістерін қолдану»

КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА: «МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану»

І.ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі меңгерушісі Г.Ж.Бухарбаева сөз сөйледі. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау:

– Педагогикалық кеңестің өткендегі шешімі бойынша барлық топтарда педагогтердің перспективалық жоспарлары құрылды, жұмысты жоспарлау Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік хатқа сәйкес жүргізілді, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізуі міндетті құжаттар тізбесін жүргізуді, ата-

аналарға арналған ақпарат жаңартылуын әкімшіліктің тұрақты бақылауында ұстау. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында әдістемелік бірлестіктерге, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, вебинарларға, шеберлік сағаттарына және т.б. қатысуы тұрақты негізде жүргізіледі.

ШЕШІМ:

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп танылсын.

2.ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша бөбекжай - бақша әдіскері Г.Айкодыкова сөз сөйледі. Ол педагогикалық кеңеске қатысушыларды жылдық міндеттер, жұмыстың тәрбие-білім беру процесінің негізгі бағыттары және 2025 – 2026 оқу жылына арналған жылдық міндеттерді орындау бойынша әдістемелік жұмысты ұйымдастыру, оның ішінде ҚР ОАМ 30.07.2024ж. №194-бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстырды. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасында балалардың кешенді қауіпсіздігін ұйымдастыруға ерекше мән берілген: педагогтер мен ата-аналар нені білуі керек? Сондай-ақ, жылдық жұмыс жоспарында педагог қызметкерлерді жаңа жүйе бойынша аттестаттауға ерекше назар аударылатынын және осы бағыттағы жұмыс жаңа оқу жылында жалғасатынын атап өтті.

ШЕШІМ:

1. Балабақшаның 2025 – 2026 оқу жылына арналған жылдық жоспар бекітілсін.

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын үшінші мәселе бойынша меңгерушісі Сейлова С 2025-2026 оқу жылындағы топтарды және сол топтарға жауапты тәрбиешілері тағайындады. Жас топтарын қалыптастыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиеленушілердің жас кезеңдерін және топтарды бірдей жастағы принцип бойынша жинақтау МЖМБС-ның 4-тарау 24, 25-тармақтарының талаптарына сәйкес жасақталғаны айтылды:

ШЕШІМІ:

1.2025-2026 оқу жылында топтар жасақталып, оларға жауапты тәрбиешілер бекітілсін.

4.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын төртінші мәселе бойынша әдіскер Н. Мұсабекова педагогикалық ұжымды 2025-2026 оқу жылының нұсқау хатымен таныстырды. Әдістемелік нұсқау хат - тәрбиелеу-білім беру процесін сапалы ұйымдастыруға әдістемелік қолдау көрсететін құжат. Онда 2025-2026 оқу жылындағы төмендегідей ерекшеліктер ұсынған:

- ✓ МДҰ мен мектепалды сыныптарда балалардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету; оқыту басқа тілде жүргізілетін мектепке дейінгі ұйымдарда «Тілге бойлау» бағдарламасын жаппай іске асыру;

- ✓ «Жасыл балабақша» желісін кеңейту - экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру;
- ✓ Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын жетілдіру. Мобильді консультациялық пункттер бойынша «Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру;
- ✓ «Беске дейін үлгер» ата-аналарға арналған мобильді қосымшасын қолдану арқылы балаларды тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарды ағарту;
- ✓ «Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша жаңы кезеңде мектепалды даярлықты ұйымдастыру.

ШЕШІМІ:

1. Балабақша педагогтеріне 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттың мазмұны таныстырылсын;
2. Нұсқау хаттағы өзгерістер құжаттарына енгізілсін.

5.ТЫҢДАЛДЫ:

Бесінші мәселе бойынша бөбекжай - бақша меңгерушісі Сейлова С сөз сөйледі. 2025-2026 оқу жылына арналған тәрбиелеу мен оқыту жұмысының жылдық жоспарын, педагогтердің жылдық жоспарларын, оқу жоспарын, балалардың күн тәртібін, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін талқылады. Сонымен қатар, тәрбиешілердің, пән мұғалімдерінің және арнайы мамандардың жылдық жоспарлары талқыланды.

Балабақшаның оқу жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 № 394 бұйрығына сәйкес жасалды.

Балабақшаның күн тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығында (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 29 қазандағы № 319 бұйрығы) тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасында көрсетілген күн тәртібінің үлгісіне сәйкес жасалды.

Оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыру, әдістемелік жұмысты жетілдіру және инновациялық тәсілдерді әзірлеу мақсатында, сондай-ақ "Bal - Aytm2" бөбекжай - бақшасы жарғысына және 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес шығармашылық топтың құрылу керектігі айтылды. Шығармашылық топтың жетекшісі ретінде – әдіскер Н.Мұсабекова тағайындалды. Шығармашылық топтың құрамына төмендегі педагогтер енгізілді:

Шығармашылық топтың құрамы тәрбие мен оқытудың инновациялық әдістерді әзірлейді және енгізеді, тәжірибе алмасу мақсатында ашық іс-шаралар мен семинарлар ұйымдастырады,

жұмыс нәтижелерін талдайды және жинақтап, оларды тәжірибеге енгізеді. Шығармашылық топтың жұмыс мерзімі – 1 жыл. Шығармашылық топтың жетекшісі тоқсан сайын атқарылған жұмыс туралы есеп беріп отырады.

Педагогтердің өз білімін көтеру бағытында 2025-2026 оқу жылына арналған жоба тақырыптарын нақтылады. Алдымен, педагогтерге жобаның талабымен таныстырып, сол бойынша қазіргі таңда балабақшада маңызы бар, нұсқау хаттағы міндеттерді жүзеге асыру бағытындағы тақырыптарды таңдауды сұрады. Жоба жұмысы бір жылға жоспарланатыны, негізгі екпін тәжірибе бөліміне жұмсалатыны айтылды. Жобаны бір немесе екі тәрбиеші бірігіп жасауға болатыны айтылып, құрылымына қысқаша шолу жасалды. Педагогтердің таңдаған тақырыптары талқыланып, бекітілді.

"Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 25 ақпандағы № 32 бұйрығының 2-тарау, (Аттестаттауды өткізу тәртібі мен шарттары) 2-параграфтың (Аттестаттау комиссиясының құрамы және қызмет тәртібі) 21-тармағының негізінде (Комиссия мүшелері тақ саннан (7-ден (жетіден) кем емес) тұрады. Комиссия төрағасы бірінші отырыста қарапайым көпшілік дауыспен жасырын дауыс беру арқылы Комиссия мүшелерінің арасынан сайланады. Дауыстар тең болған жағдайда қайта дауыс беру жүргізіледі. Комиссия төрағасы бір жыл мерзімге сайланады. Қайта сайлауға қатарынан бір реттен артық емес рұқсат етіледі. Комиссия мүшелері Комиссия отырыстарына алмасу құқығынсыз қатысады. Комиссия хатшысы Комиссия отырысына қажетті материалдар мен құжаттарды дайындайды, хаттаманы рәсімдейді және қол қояды. Комиссия хатшысы комиссия мүшесі болып табылмайды.) төмендегі педагогтердің құрамымен комиссия мүшелері тағайындалды:

Комиссия төрайымы – Сейлова С

Комиссия мүшелері:

Тәрбиеші: Алдабергенова Ж

Тәрбиеші: Ерғалиева Н

Тәрбиеші: Мырзабаева Ш

Тәрбиеші: Жалғасбаева а

Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан бір жылдық мерзімде хатшы сайлау керектігін айтып, тәрбиеші Мырзабаева Шаттықты ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде тәрбиеші Мырзабаева Шаттықты сайлауды ұсынды.

Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрықтың негізінде балалардың оқудағы, дамудағы, мінез-құлықтағы қиындықтарын уақытында анықтап, оларға психологиялық, әлеуметтік және педагогикалық көмек көрсету үшін «Психологиялық - педагогикалық қолдау» қызметінің жоспары мен «Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған» жылдық жоспар талқыланып, бекітілуге ұсынылды.

ШЕШІМ:

1. Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, оқу жоспары, күн тәртібі бекітілсін;
2. Педагогтердің перспективалық жоспарларын қарастырылсын және бекітілсін;

3. Педагог қызметкерлердің 2025-2026 оқу жылына арналған өз білімін жетілдіру бағытындағы жоба тақырыптары бекітілсін;
4. Педагогикалық кеңестің хатшысы тағайындалсын;
5. Шығармашылық топтардың мынадай құрамы бекітілсін;
6. Аттестаттау комиссиясының мүшелерін сайлансын;
7. Психологиялық - педагогикалық қолдау қызметінің жоспарын бекітілсін;
8. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған жылдық жоспарды бекітілсін.

6.ТЫҢДАЛДЫ:


Алтыншы мәселе бойынша балабақша әдіскері Г.Айкодыкова сөз сөйледі. Ол бөбекжай-бақшаның Жылдық жоспары мен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру кезінде ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмысты ұйымдастыруға назар аудару қажеттігін ескертті.

ШЕШІМ:

1. Әр топтың циклограммасын құрастыру кезінде ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмысты ұйымдастыру жөніндегі міндеттерді сапалы түрде жүзеге асырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Хатшы:



С.Сейлова

Ш.Мырзабасова